



**ТЕХНОЛОГИИ
ПЕРЕВОДА
И СРАВНИТЕЛЬНОЕ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
В ЗЕРКАЛЕ НАУЧНОГО
НАСЛЕДИЯ
АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА**

Сборник материалов международной
научно-практической конференции

**Технологии перевода и сравнительное
литературоведение в зеркале
научного наследия Ахмета Байтурсынова**

*Сборник материалов международной
научно-практической конференции*

**Астана
2022**

УДК 80/81

ББК 81.2

Т38

Рецензенты:

Буркова Т.А., доктор филологических наук, профессор Башкирского государственного педагогического университета им. М.Акмуллы, Башкортостан, РФ

Булатбаева Г.Н., доктор педагогических наук, Национальная Академия имени Ы.Алтынсарина, г. Астана

Загатова С.Б., кандидат филологических наук, профессор Евразийского гуманитарного института, г. Астана

Научный редактор:

Биженова А.Е., доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Редакционная коллегия:

Кенжигожина К.С., PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Анафинова М.Л., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Нуркенова С.С., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Технологии перевода, сравнительное литературоведение и языкознание в зеркале научного наследия Ахмета Байтурсынова. Сборник трудов международной научно-практической конференции. - Астана: ИП «Булатов А.Ж.», 2022. - 170 с.

ISBN 978-601-326-670-1

В сборнике представлены тексты докладов участников одноименной международной научно-практической конференции, проведенной кафедрой иностранной филологии ЕНУ им. Гумилева и посвященной 150-летию Ахмета Байтурсынова. Разносторонность научного наследия великого казахского ученого обусловила представленную тематику включенных в сборник текстов на казахском, русском и английском языках.

Конференция проведена в рамках проектно-целевого финансирования МОН РК «Научные основы модернизации системы образования и науки» (2021-2023, Рег. №OR 11465474) совместно с НАО имени Ыбырая Алтынсарина.

Тексты не подлежали правке и размещены в авторской редакции и стилистике.

УДК 80/81

ББК 81.2

ISBN 978-601-326-670-1

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2022

АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ МӘНГІЛІК ЕЛ МҰРАТЫ**З.Төлеу**

2 курс магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Астана

Аңдатпа: Мақалада Мәңгілік Ел құндылықтарын көрсететін ұлттық сипат, әдебиет пен тіл мәселелері сараланған

Түйін сөздер: ұлт, алаш, тіл, сөз өнері

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы национального характера, литературы и языка, отражающие ценности Мангилик Ел

Ключевые слова: нация, алаш, язык, искусство слово

Annotation. The article deals with the problems of national character, literature and language, reflecting the values of Mangilik El

Key words: nation, alash, language, art word

Адамзат қоғамында мәңгілік деген ұғымның аясы кең, олар әрі бір бірімен сабақтасып жатады. Соның бірі - ұлт ұғымы. Ұлт болып ұйысудың факторлары аса көп, ал ең негізгі және пәрменді белгісі оның өзіне тән тіл - жазуының болуы. Ендеше ұлтты құрайтын осы маңызды белгіні өшкіндетпей, тарихи үрдіспен бірге өркендетіп отырған әрине сол қауымның тіл және сөз өнерін ұстанған ұлт арыстары.

Әлем жаралып, адам әлемнің қожасына біртіндеп айналып, адамзат қоғамы яғни ұлт, ұлыс, ел, мемлекет болып қалыптасқанға дейін халық жасампаздығының жауһары_ ауызша тілдің (ауыз әдебиеті) рөлінің қаншама маңызды болғанын қандай да бір ұлт өзінің өркениетінің даму қайнар көзін ауыз әдебиетінен бастайтындығынан көре аламыз. Осы ауыз әдебиеті үлгілерінің көп сандысы ежелден қазірге дейін Мәңгілік ел мұратымен үндесіп, сабақтасып жататыны да бұрыннан белгілі. Ендеше адамзат қоғамы дамып, адамдардың бір бірімен байланыс құрып, пікір ауысу қажеттілігінен туындаған бейнелі жазуларда (жартас қабырғаларына, үңгірлерге, балбал тастарға ойып жазылған) тарихтан сыр шертетін қаншама ұғымдар жатыр. Адамзат өркениетінің бесігі саналатын ежелгі Қос өзен, Ніл, Хуанхэ өзендерін өзек еткен Шумерлердің, Қытайлардың, Үнділердің бейнелі сына жазуларының, көне Түркі жазуымен жазылған Орхон -Енисей ескерткіштерінің тарихты, мәдениетті зерттеудегі құндылығынан тыс оларда тағы да қандай қасиет бар? Басқасын айтпағанда өз кезінде Алтайды кіндік етіп тұтас Еуразия құрлығын ен жайлаған он неше диалекіте сөйлейтін тайпалардың тілін небары 26 дыбыстық әліпбиге сыйдырып, бүкіл империяның іс қағазын жүргізе беретін мүмкіндік тудырып, Түрік жұртын бір тудың астына жұмылдырған құбылысты қалай түсінуге болады? Осы сұрақтар жетегінде ой жүгірткенімізде жалпы адам баласына ортақ бір заңдылық бар екенін, ол _әлмисақтан адам баласы өмір сүру үшін үздіксіз күресіп, болашаққа талпынып, арқауын үзбеуге ұмтылыс жасайтынын түйеміз. Бұл үдеріс халықтың мәдениеті мен өнерінде көрініс табады әрі түрлі тарихи жағдайларға байланысты бірде өсіп, бірде өшкіндеп отырғанымен сол ұлт тарих сахнасынан жойылып кетпесе болғаны жалғасын тауып отырады. Мысалға Түрік қағанаты кезінде ел басқарған қағандар мен дәнiшпандар бекіткен мәңгілік ел болу идеясы арада сан ғасырларды артқа тастап бүгін де жаңғырып отыр. Профессор, түрколог ғалым Қ. Сартқожаұлы «MANGI EL» халқаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналында: «Мәңгілік ел — түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Түй-ұқық) негізін қалаған идея...» — екендігін жазған[1, 20-21 б.]. Осыдан XIII ғасыр бұрын Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. . Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуға. «Күл тегін» жазуының қазіргі қазақ тілінің нормасына келтірілген Ғұбайдолла Айдаровтың нұсқасында: «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» — деген жолдар бар [2, 63 б.].

Ғылымдардың атасы саналатын Аристотельді зерттеген Әбунәсір Әл-Фарабидің дүние танымын екі әлемнің: көшпелілер мен отырықшылар өркениетінің және шығыс пен грек-рим мәдениетінің өзара байланыстарының нәтижесі деп айтуға болады. Ол өзінің «Ғылымдар тізбегі» деген еңбегінде сол кездегі ғылымды үлкен 5 салаға бөліп, соның бірінші бөлігінде «Тіл білімі және оның тарауларына» арнайы тоқталған. Әбунәсір Әл-Фарабидің философиялық көзқарастарында басты үш бағыт анық аңғарылады: ол дүниенің мәңгілігін мойындады; танымның болмысқа тәуелділігін растады; ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Мәңгілік пен тәуелділік бастауларын күдіретті Алладан, аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнінен, ақыл-парасаттан, адамның жан-дүниесінен, түр мен материя арақатынасынан іздеді. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Мемлекет қайраткерлерінің қанатты сөздері» және т.б. саяси-әлеуметтік трактаттарында қайырымдылық пен бақыт мәселесіне кеңірек тоқталды. Қайырымдылық дегенде ақыл-ой, әділдік, бақыт және теңдік идеяларын құптаған ежелгі ойшылдар дәстүріне сүйенді. Тек бақыт туралы нақты білімі бар, оған жету жолдарын айқын білетін, соған сәйкес әрекет жасайтын қауым ғана қайырымдылыққа икемді екенін ескертті.

Мәңгілік ел, азаттық пен халық тағдырын кемел қозғаған тұлға – Абай шығармашылығы арқылы да кең көрініс берді. Абайдың қара сөздері – ойшылдың өмір құбылыстарынан танып-білген, толғаған тұжырымдары. Абай туындыларының өн бойына таралып отыратын адамгершілік, имандылық ойларының бәрі де осы көзқараспен ұштасады. Ақынның «хауас», «үш құю» (имани гүл), «жә уан мәрелік», «әділет», «шапағат» жайлы ой толғаныстарының желісі де осы таным шеңберіндегі ұғымдар. Бұлар Фарабидің жоғарыда аталған еңбегіндегі адамның жеке басының ең кемелденген (камили инсани) үлгі-өнегесі жайлы арналы танымының негізіне саяды. Осы Фараби дәстүрінің жалғасы Абайдың «толық адам» жөніндегі ой-пікірінен айқын сезіледі.

Тұғыры берік ел болудың негізі ел билеу, ғылым -білім, халықтың бірлігі сынды келелі мәселелерге Абай төртінші, отыз жетінші, отыз сегізінші қара сөздерінде тоқталған. Ел басқару даналық пен парасаттылықты, білімді керек етеді. Бұл жерде ақын елді меңгеру ең алдымен адамгершілік пен адамдық қасиеттерді жоғары ұстаудан басталатындығын былай жеткізеді: «Арын сатқан мал үшін антұрғанның, Айтқан сөзі құрысын, шыққан үні». Абай отыз сегізінші сөзінде: «Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз. Мал бірлән ғылым кәсіп қылмақпыз. Өнер – өзі де мал, өнерді үйренбек – өзі де ихсан (жақсылық, игі іс). «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық», - деп пендешіліктің үш залалын ашалап түсіндіреді. «Өнер алды – бірлік, бірлік алды - тірлік». Абай мағынасы әбден бекіген осы халық нақылын әрі қарай таратып береді: «Қазақ ойлайды: бірлік аты – ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғандай байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес» [3, 251].

Абай мұрасы, Абай тағылымы кейінгі Алаш арыстары тарапынан да ардақталып, өз өміршеңдігін одан әрі сәулелендірді. Мұны Ахмет Байтұрсынұлының 1913-жылы жазған «Қазақтың бас ақыны» мақаласынан көреміз. Мақалада автор Абайдың ақындығын ғана емес, оның өз заманынан озып туған ғұлама, кемеңгер, ойшыл болғанын Абай еңбектеріне ғылыми талдау жасап, саралау арқылы көрсеткен әрі Абай мұрасының халықтың санасын өсірудегі құндылығын дұрыс бағамдап, Абай шығармашылығын зерттеуді сол кездің күн тәртібіне қойған.

Тіл мен таным үрдісінің арақатынасын көрсету тіл қолданысының танымдық жүйесіне сүйенеді. Қазақ тіл білімінде тілге тек құрылымдық ерекшелік ретінде емес, адамзат болмысының ерекше бір бөлшегі деп қарау керектігін ХХ ғасырдың басында-ақ негіздей бастады. А.Байтұрсынұлы өзінің санаулы ғұмырында жазған көп еңбектерінің ішінде қазақ тіл ғылымының қалыптасуында аса маңызды орын алатын, жетекші мәнге ие «Тіл-құрал» еңбегін жазды. Еңбекте ғалым: «Тіл - адамның адамдық белгісінің зоры ...» деп тың бастама көтеріп, тілді құрайтын негізгі бірліктер дыбыс, сөз, сөйлем жүйесін түсіндіріп, қазақ тілінің негізгі ережелеріне және оқыту әдістеріне тоқталады [4, 251]. Оқулықтағы білім қарапайымнан күрделінеліп, нағыз ғылыми еңбектің үлгісін жасайды әрі тіл ғылымы саласында өз тұжырымдарын қазақтың ұлттық дүние танымы мен тілдік танымына етене жақын етіп түйіндейді. Бұл бағыт кейін Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Х.Басымов, Г. Бегалиев, С. Жиенбаев, бертінгі Р. Сыздықова сынды тілші ғалымдардың зерттеуінде жалғасты.

Ұлт тұлғасы А. Байтұрсынұлының қазақ мәдениеті мен әдебиетіне қосқан көрнекті үлесінің бірі - ол жасаған әліпби үлгісі болды. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымын дамытқан ірі ғұлама. Ол қоғам, ғылым және мәдениеттің өркендеуі жазу арқылы іске асатынын жақсы түсінді. Ғалым сауатсыздықты жою үшін әріп, оқулық мәселесін кезек күттірмейтін мәселе екенін біліп, 1910 жылдан бастап, араб жазуының қазақ тілі үшін қолайлы емес жақтарын түзеп, оны тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сай етіп, сингармониялық ұлттық әліпби түзеді. Сөйтіп ХХ ғасырдан бері өзгеріссіз қолданылған парсы-араб жазуының полиграфиялық жағынан қолайлы-қолайсыз тұстарын, оқыту процесіндегі тиімді-тиімсіз жақтарын таразылай отырып, қазақ тілінің төл дыбыстарына ғана тән 28 әріптен тұратын әліпби құрастырды. Емле 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерінде, 1929 жылға дейін кеңестік мектептерде қолданылды. 20-сыншы жылдардың аяғында емлені ауыстыру жайлы түркі, қазақ зиялылары арасында айтыс жүріп, А.Байтұрсынов реформалаған емле қолданыстан шығарылды. Ал Қытай халық республикасы Шыңжаң автономиялы раюнындағы қазақтар А.Байтұрсынұлы әліпбиін қазіргі кезге дейін қолданып келеді. Демек ұлттық болмыстың ерекше бір сипаты болып саналатын жазу үлгісі үшін осыншама еңбектеніп тер төгудің, ұлттық жазудың біртұтас болуының бұрынды-соңды қаншама маңызды екені көзқаракты адамға түсінікті болса керек.

Алдыңғы толқын тұлғалар салып кеткен осындай қасиетті сара жолдан таймай еңбектенген ғалымдардың бірі - Рәбиға Сыздық. Ғалымның көп еңбектерінің ішінен ұлттық әдебиет тарихына қатысты «ауызша әдеби тіл» деген жаңа ұғым мен тың терминді ғылыми айналымға енгізген еңбегін айрықша атап өткен жөн деп ойлаймыз. Өйткені ғалым «әдеби тіл» деген ұғым үшін жазудың болуы шарт деген сыңаржақтылы көзқарасқа қарсы өз еңбектерінде Абайдан бұрынғы Махамбет, Дулат, Шортанбай шығармаларына тоқталып, ауызша дамыған әдеби тіл мәселелерін де сөз етеді. Өз пайымының дәлелі ретінде ғалым «әдеби тілдің» мынадай бұлтартпас төрт шартын келтіреді: а) өңделген, нормаланған тіл болуы; ә) қоғам мүшелерінің басын қосушы сипаты; б) әдеби тілді тану үшін оның қарама-қарсысына қойылатын басты құбылыс - ауыз екі сөйлеу тілінің болуы; в) қоғам сынынан өткен, нормалары барша үлгілерге ортақ сипаты. Ғалымның осы тың ұсынысы қазақтың әдеби тілінің қалыптасу тарихын әріден қарастыруға көп мүмкіндік береді деп ойлаймыз [5]. Академик Р.Сыздықты жалпы ғылыми қауым «орфографияның анасы» деп тегін аталмаса керек. Ғалым басылым беттеріндегі пунктуациялық қателіктерге қарата өз пікірін былай сабақтайды: «Соңғы жылдары әркім өз бетімен жазып, қоспайтын сөздерді қосып, ажыратпайтын сөздерді ажыратып, қойылмайтын жерге үтір қойып жазып жүр. Ахмет Байтұрсынұлы заманында үйткені, себебі, бірақ, алайда сияқты жалғаулықтар екі жай сөйлемнің ортасында тұратын. Қазіргі кезде алдыңғы сөйлем тым ұзақ болып кете ме әлде орыс тіліндегі аудармаларға қарай ма, осы сөздерден басталатын сөйлемдер кездеседі. Ол сөздердің соңынан үтір қою дұрыс емес. Үтір жалғаулықтардың алдынан қойылғанымен, соңынан қойылмайды. Жазба тіл, әдеби тілдегі емленің дұрыс болуы тіл мәдениетіндегі өзекті мәселелердің бірі. Қате қойылған тыныс белгілері мәтіннің мазмұнына нұқсан келтіреді. Осы сияқты жазу, емле, грамматикалық ережелерді әуел бастан дұрыс арнаға түсіріп, болашақтағы әліпби реформасына дайын болу қажет деп түйеміз. Ана тіліміздің дамуы – ұлттың, Мәңгілік Елдің бейнесі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы. -Алматы: «Pride Print». 09.2013.
2. Күлтегін Тоныкөк: Ежелгі түркі рун жазбалары (Әдеби нұсқасын жасаған Қадыр Мырза Әли.). - Алматы: «Өлке» баспасы, 2001. -144 б.
3. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-том. – Алматы: жазушы, 2005. – 296 б.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
5. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. -Астана: Елорда, 2000. – 532 б.